

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығы және "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 35172 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32875 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспенің орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді; көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларында:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде тұрған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға, адам саудасының құрбандарына, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына (бұдан әрі – уақытша болу ұйымдарындағы қызмет алушылар) уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.";

29-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"29. Уақытша болу ұйымдары келесі түрде құрылады:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде тұрған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға әлеуметтік бейімдеу орталықтары түнде болу үйлері;

2) адам саудасының құрбандарына, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына дағдарыс орталықтары әлеуметтік бейімдеу орталықтары приют.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Уақытша болу ұйымдарына кәмелетке толған қызмет алушыларды, оның ішінде түрлі себептер бойынша жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, баспанасы

болмаған немесе одан айырылып қалған, сондай-ақ адам саудасының құрбаны және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген адамдарды қабылдайды.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Уақытша болу ұйымдарда:

көрсетілетін қызметтерді алушыларды сәйкестендіру

қызмет алушыларға жедел әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;

қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтік-еңбекке бейімделу деңгейін арттыруға бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

қызмет алушыларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің көлемі мен түрлері, уақытша болу ұйымның ішкі тәртіп қағидалары туралы хабардар ету;

арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды анықтау және оларды уақытша болу ұйымына жеткізуді мобильді әлеуметтік патруль қызметі жүзеге асырады;

ғимаратты санитариялық-эпидемиологиялық, қауіпсіздік нормаларына, оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес ұстау;

заманауи техникалық жабдықтар;

уақытша болу ұйымының ғимаратын тұруға ыңғайлы болу, оған кедергісіз кіріп-шығуды, орынжай ішінде және ғимаратқа іргелес жатқан аумақта жүріп-тұруды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес арнаулы құралдармен жабдықтау;

уақытша болу ұйымының құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де қызмет қамтамасыз етіледі.";

37-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) жеке іс.

Қызмет алушы уақытша болу ұйымына түскен кезде (тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруға арналған (бір жылға дейін) қызмет алушылардың жеке ісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады, ал жеке ісі болған жағдайда – оны жүргізу жалғастырылады.

Қызмет алушылардың жеке ісінде мынадай құжаттар сақталады:

қызмет алушының жазбаша өтініші;

қызмет алушының ЖСН бар, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (бар болса);

оңалту туралы шарт;

уақытша болу ұйымына тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесі.

Қызмет алушылардың жеке ісін уақытша болу ұйымы қызмет алушы уақытша болу ұйымына түскен сәттен бастап және ол шыққанға дейін оның әрқайсысына жүргізеді.

Қызмет алушы бір уақытша болу ұйымынан екінші уақытша болу ұйымына өткен (ауысқан) кезде қызмет алушының жеке ісі істегі құжаттардың тізімдемесімен қабылдау-тапсыру актісі бойынша бірге беріледі. Қызмет алушының жеке ісіне оны шығару туралы бұйрықтың көшірмесі, оңалту туралы шарты, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке жоспар, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мониторинг журналы қоса беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қызметтерді алушылардың жеке қажеттілігін бағалау негізінде уақытша болу ұйымының мамандары жоғалтылған әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіргісі келетін әрбір қызметтерді алушыға оңалту туралы шарт (бұдан әрі – шарт) әзірлейді. Шарт осы Стандартқа 2-қосымшада көзделген нысан бойынша жасалады.";

18-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың 1), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша уақытша болу ұйымынан шығарылған қызметтерді алушылармен осы Стандарттың 2-тарауында көзделген тәртіппен, бірақ олар шығарылғаннан кейін күнтізбелік бір жылдан соң оңалту туралы шарт жасалады.";

29-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Түнде болу үйлерінде (бөлімшелерінде), мобильді әлеуметтік патруль қызметі қызметтерді алушылардың арасында оңалтудың орындылығы мен маңыздылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді."

Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 3-қосымшада:

Уақытша болу ұйымдарына арналған төсек-орын және ішкіім, жеке гигиеналық құралдар, сондай-ақ олардың тозу мерзімдерінің ең төмен нормаларында:

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

--	--	--	--

18	Жөргектер	дана	уақытша болу ұйымы дәрігерінің қорытындысы бойынша, бірақ күніне ресоциализация туралы шарт жасаған бір қызметтерді алушыға 1 данадан артық емес
----	-----------	------	--

".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) адам саудасының құрбаны – адам саудасы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру фактісінің бар-жоғына карамастан, адам саудасының құрбаны ретінде сәйкестендірілген адам, сол сияқты Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес адам саудасына байланысты қылмыстардан жәбірленуші деп танылған адам;

2) адам саудасының құрбанын сәйкестендіру – адамды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адам саудасының құрбаны деп тану рәсімі;

3) адам саудасының құрбандарын оңалту – құрбанның психологиялық және (немесе) тәндік жай-күйін нұқсан келтірілгеннің алдындағы жай-күйге дейін қалпына келтіру жөніндегі әрекеттер.";

12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйым рұқсатты алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушымен оңалту туралы шарт (бұдан әрі – шарт) оңалту туралы үлгілік шарт негізінде жасасады.";

19-тармақтың бірінші абзацы мынандай редакцияда жазылсын:

"19. Адам саудасының құрбандары деп танылған адамдарға оңалту туралы шарт жасалғанға дейін төмендегідей көлемде жалпы сипаттағы қызметтер көрсетіледі:";

20-тармақтың бірінші абзацы мынандай редакцияда жазылсын:

"20. Оңалту туралы шарт жасаған көрсетілетін қызметтерді алушы арнаулы әлеуметтік қызметтерді жеке жоспарға сәйкес мынадай көлемде және түрлерде алады:";

20-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) әлеуметтік-экономикалық қызметтер:

әлеуметтік-экономикалық қызметтерге Әлеуметтік кодекстің 11, 13, 14 – тарауларына сәйкес тиесілі жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен тиісті төлемдерді алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жәрдемдесу;

арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж (мұқтаж) адамды (отбасын) алуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша көрсетілетін әлеуметтік көмекке жүгіну;

Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес өтемақы алуға жәрдемдесу.

Әлеуметтік-экономикалық қызметтерді ұсыну сапасына қойылатын талаптар:

көрсетілетін қызметтерді алушыларға жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, және басқа да төлемдерді алуға, тұрғын үй мәселелерін шешуге жәрдемдесу көрсетілетін қызметтерді алушылар үшін қызығушылық тудыратын мәселелерді шешуде уақтылы, толық, білікті әрі тиімді көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек, сондай-ақ өтемақы алу үшін тиісті адресаттарға құжаттарды (өтініштер, шағымдар, анықтамалар және басқа құжаттар) дайындауға және жіберуге көмек көрсету.";

Халықты әлеуметтік қорғау саласында адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 2-қосымшада:

Бағалау парағында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 6-1 және 6-2-жолдармен толықтырылсын:

"

6-1	Құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу/ құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлеу мақсатындағы адам саудасы	
6-2	Кінәлінің адамға қатысты меншік иесінің кейбір немесе барлық өкілеттіктерін жүзеге асыруына байланысты өзге де әрекеттер	

".
,

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдармен мынадай редакцияда жазылсын:

"

9	Кінәлінің мәжбүрлі еңбекті, яғни Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, зорлық-зомбылық немесе оны қолдану қатерін не оны орындау үшін осы адам өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған қандай да бір жаза қатерін қолдану жолымен адамнан талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы	
	Кінәлі адамның жезөкшелікпен айналысуын басқа адамның немесе ол көрсететін өзге де сексуалдық сипаттағы қызметтерді пайдалануы адамды	

10	жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу немесе алынған кірістерді немесе олардың бір бөлігін иемдену мақсатында, сол сияқты кінәлілерді осы мақсатқа қудалаусыз сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтер көрсетуге мәжбүрлеу түсініледі	
----	--	--

".
,"

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

12	Кінәлілерді құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу, яғни адамды мүлктік сипаттағы табыс немесе пайда алу мақсатында құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлеу	
----	--	--

".
,"

Халықты әлеуметтік қорғау саласында адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 4-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұйым мамандарының жұмыс сапасын арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – шарт) қолданылу мерзімінің аяқталу қорытындысы бойынша оңалту шаралары көрсетілетін қызметтерді алушылардың санына қарай уақытша болу және тұру ұйымының басшысы немесе уәкілетті орган бағалайды.";

6 және 7-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Уақытша болу және тұру ұйымында шағымдар мен ұсыныстар кітабы ресімделеді, ол уақытша болу және тұру ұйымының басшысында сақталады және көрсетілетін қызметтерді алушылар мен келушілердің алғашқы талап етуі бойынша ұсынылады.

7. Шағымдар мен ұсыныстар кітабын ай сайын уақытша болу және тұру ұйымының басшысы қарайды";

16 тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уақытша болу және тұру ұйымы шешімді алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгі шарттың негізінде көрсетілетін қызмет алушылармен шарт жасасады.";

18 тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Уақытша болу және тұру ұйымының мамандары осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерді алушылардың тіркелу карточкасын толтырады.";

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын ;

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 4-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын .

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі*

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 391 Бұйрығына 1 қосымша
Арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсететін ұйымдар
қызметінің қағидаларына
8-қосымша

Уақытша болу ұйымдарындағы персоналдың ең төмен штат нормативтері

№	Лауазым атауы	Қызмет алушылар саны					
		51-ге дейін	50-100	101-150	151-200	201-250	251-300
Басшы қызметкерлер мен қызмет көрсетуші-шаруашылық персоналдың штат нормативтері							
1	Директор	мекемеге 1 бірлік					
2	Директордың әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары	-	-	-	1	1	1
3	Директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары	мекемеге 1 бірлік					
4	Б а с бухгалтер	мекемеге 1 бірлік					
5	Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау жөніндегі экономист	-	0,5	1	1	1	1
6	Бухгалтер	0,5	1	1,5	2	2	2
7	Кадрлар жөніндегі инспектор	0,5	1	1	1	1	1
8	Шаруашылық меңгерушісі	мекемеге 1 бірлік					
9	Хатшы-машинистка (референт)	мекемеге 1 бірлік					

10	Дезинфектор	1	1	1	1	1,5	2
11	Вахтер	мекемеге 1 бірлік					
12	Лифтер (лифт болса)	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 101-бабы 7-тармағына сәйкес бекітілген әкімшілік және қоғамдық ғимараттарда қызмет көрсетумен айналысатын жұмыскерлер саны бойынша салааралық үлгілік нормативтерге сәйкес (бұдан әрі – үлгілік нормативтер)					
13	Күзетші	мекемеге 4 бірлік					
14	Жүргізуші	1 техникалық жүріп тұрған көлік құралына 1 бірлік					
15	Тракторшы (трактор болса)	1 техникалық жүріп тұрған көлік құралына 1 бірлік					
16	Слесарь-сантехник	Үлгілік нормативтерге сәйкес					
17	Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету бойынша электромонтер	Үлгілік нормативтерге сәйкес					
18	Электр-газ дәнекерлеуші	Үлгілік нормативтерге сәйкес					
19	Ғимараттарды, үй-жайлармен жабдықтарды ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы (ағаш ұстасы, ағаш шебері)	Үлгілік нормативтерге сәйкес					
20	Газ тектес, сұйық және қатты отынмен жанатын, электрмен ысып істейтін қазандықтарға қызмет	Үлгілік нормативтерге сәйкес					

	көрсетумен айналысатын жұмысшылар						
21	Қазылған орлардан қатты шөгінділерден болған қоқысты шығару жөніндегі тасушы	4 бірлік кәріз болмаған жағдайда және қазылған орларды тазарту орталықтанған тәртіпте жүргізілмесе					
22	Су сорғы станциясының машинисі (моторшысы)	мекемеге 1 бірлік					
Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
23	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	1	2	3	4	5	6,5
Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
24	Бас аспаз	-	-	0,5	1	1	1
25	Аспаз	2	2	3	4	4	5
26	Ыдыс-аяқ жуушы	1	1	1	1	1	1,5
27	Көкөніс және картоп тазалаушы	1	1	2	2	3	3,5
28	Нан кесуші, асхана жұмысшысы	-	0,5	1	1	1	1
29	Шаруашылық бикесі	мекемеге 1 бірлік					
30	Кір жуатын орынның меңгерушісі (машинистердің қатарынан)	-	-	-	-	-	1
31	Киім және ішкіім жуатын машинист	1	1	1	1	1	5

32	Санитар (тазалаушы)	Үлгілік нормативтерге сәйкес					
Әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
33	Дәрігер	мекемеге 1 бірлік					
34	Фельдшер	мекемеге 1 бірлік					
35	Мейіргер	әрбір 50 төсекке 5,25 ставкадан					
36	Диеталық тамақтану жөніндегі мейіргер	мекемеге 1 бірлік					
Әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
37	Психолог	1	1	1,5	2	2	2
Әлеуметтік-еңбек қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
38	Еңбек терапиясы жөніндегі инструктор	мекемеге 1 бірлік					
Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
39	Кітапханашы (кітапхана болса)	мекемеге 1 бірлік					
Әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері							
40	Заңгер	мекемеге 1 бірлік					

Ескертпе:

Қажеттігіне қарай белгіленген лауазымдар еңбекақы төлеу қоры шегінде бірін-бірі алмастыра алады.

Басшы қызметкерлер мен қызмет көрсетуші-шаруашылық персоналын ұстау бойынша шығыстар 1 бірлік қызметтің құнын есептеуге қосылмаған.

Уақытша болу ұйымдарында қызметтік автокөлік құралдары лимиті мынадай көлемде белгіленеді:

бір жеңіл автомобиль;

екі санитарлық автомобиль;

бір автокөлік құралы (150 немесе одан көп қызмет алушылар болған жағдайда).

Түнде болу үйлерінде (бөлімшелерінде) персоналдың ең төмен штат нормативтері

№	Лауазым атауы	Қызметкерлердің штат нормативтері
1	Директор (бөлім меңгерушісі)	мекемеге 1 бірлік
2	Шаруашылық бикесі	мекемеге 2 бірлік
3	Фельдшер	мекемеге 2 бірлік
4	Мейіргер	5,25 ставка

Мобильді әлеуметтік патруль қызметі персоналының ең төмен штат нормативтері

--	--	--

№	Лауазым атауы	Бір автокөлік құралына қызметкерлердің штат нормативтері
1	Диспетчер	1 бірлік
2	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	1 бірлік
3	Фельдшер	1 бірлік
4	Жүргізуші	1 бірлік

Адам саудасының және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған уақытша болу ұйымдарындағы персоналдың ең төмен штат нормативтері

№	Лауазым атауы	Көрсетілетін қызметтерді алушылардың саны	
		20-ға дейін	20-50
1	Директор	1	1
2	Бас бухгалтер	1	1
3	Іс жүргізуші (кадрлар жөніндегі инспектор)	1	1
4	Заңгер	1	2
5	Психолог	1	2
6	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	1	1,5
7	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант	1	1,5
8	Тәрбиеші (балалар болған жағдайда)	10 балаға 1 бірлік	
9	Аға мейіргер	1	2
10	Еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы (еңбекке баулу мұғалімі)	оқу тобына 1 бірлік	
11	Мәдени ұйымдастырушы	1	1

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 391 Бұйрығына 2-қосымша
Халықты әлеуметтік қорғау
саласында уақытша болу
жағдайында арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсету стандартына
2-қосымша
Нысан

Оналту туралы үлгілік шарт

_____ атынан
(уақытша болу ұйымының атауы)

_____, (бұдан әрі – Орталық)

бір (басшының тегі аты-жөні (бар болса) тараптан және _____ (бұдан әрі – қызметтерді (қызметтерді алушының тегі аты әкесінің аты (бар болса) алушы) екінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп аталатындар, төмендегі туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың нысаны

Қызметтерді алушыға Орталық оңалтуға (жоғалтылған әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру) бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

2. Орталықтың құқықтары:

1) қызметтерді алушының оқуға және жұмыс орнына баруын бақылауды жүзеге асыру;

2) мүдделі адамдардан қызметтерді алушылардың оқу процесі, жұмыс орнына баруы және үлгерімі туралы қажетті ақпаратты сұрату;

3) қызметтерді алушы тарапынан міндеттемелерді орындамау немесе орындаудан жалтару жағдайында біржақты тәртіппен шартты бұзу;

4) одан әрі тұру мақсатында ұсынылған қолжетімді жалдамалы тұрғын үйде тұрудан бас тартқан жағдайда біржақты тәртіппен шартты бұзу.

3. Орталықтың міндеттері:

1) қызметтерді алушыларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету шарттарымен таныстыру;

2) белгіленген көлемде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

3) мамандығы бойынша кәсіптік оқытуды (даярлау, қайта даярлау) ұйымдастыру

_____;

4) тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру;

5) келешекте тұру мақсатында қол жетімді жалдамалы тұрғын үй іздестіруді жүзеге асыру;

6) қызметтерді алушыға сыйластықпен қарау, дөрекілікке, өз міндеттемелеріне атүсті қарауға жол бермеу.

4. Қызметтерді алушының құқықтары:

1) оңалту процесі туралы ақпарат алу;

2) кәсіп және жұмыс орнын таңдауға қатысу.

5. Қызметтерді алушының міндеттемелері:

1) оңалту процесіне белсенді түрде қатысу;

2) _____ мамандығы бойынша оқу курсынан табысты өту;

3) Орталық персоналына сыйластықпен қарау;

4) осы шарттың талаптарын сақтау.

6. Шартты бұзу талаптары

Осы шарт мынадай негіздемелер:

1) қызметтерді алушы тарапынан міндеттемелерді (оқу, жұмысқа орналасу, тұрғын үй іздестіру) орындамау немесе орындаудан бас тарту;

2) қызметтерді алушының Орталық персоналына негізсіз дәрекілік таныту және айып тағу бойынша бұзуға жатады.

7. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету денсаулық сақтау ұйымында қызметтерді алушы болған кезеңінде тоқтатылады.

8. Қорытынды ережелер

Шарт бірдей заң күшімен тараптардың әрқайсысы үшін екі данада жасалды және қол қойылды.

Орталық директоры _____

(Тегі аты-жөні (бар болса) (қолы)

Қызметтерді алушы _____

(Тегі аты-жөні (бар болса) (қолы)

Ескертпе: осы Шарт үлгілік болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 391 Бұйрығына 3-қосымша
Халықты әлеуметтік қорғау
саласында адам саудасының
құрбандарына арнаулы
әлеуметтік қызметтер көрсету
стандартына
4-қосымша
Нысан

Оңалту туралы үлгілік шарт

_____ атынан
(ұйым субъектісінің атауы)

_____ (бұдан әрі – ұйым), бір тараптан және _____
(бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді алушы)

екінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың нысанасы

Ұйым көрсетілетін қызметтерді алушыға қайта оңалтуға (жоғалтылған әлеуметтік мәртебені қалпына келтіруге) бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Ұйымның міндеттері:

1) көрсетілетін қызметтерді алушыны арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету шарттарымен таныстыру;

2) белгіленген көлемде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

3) көрсетілетін қызметтерді алушыға құрметпен қарау, дәрекілікке, өз міндеттеріне салғырттықпен қарауға жол бермеу.

2.2. Ұйымның құқықтары:

- 1) көрсетілетін қызметтерді алушының Ұйымда болуын бақылауды жүзеге асыру;
- 2) үшін қажетті ақпаратты сұрату;
- 3) көрсетілетін қызметтерді алушы тарапынан міндеттемелер орындалмаған немесе тарап оларды орындаудан бас тартқан жағдайда, біржақты тәртіппен шартты бұзу;

2.3. Көрсетілетін қызметтерді алушының міндеттері:

- 1) оңалту процесіне белсенді түрде қатысу;
- 2) Ұйым персоналына құрметпен қарау;
- 3) осы шарттың талаптарын сақтау.

2.4. Көрсетілетін қызметтерді алушының құқықтары:

- 1) оңалту процесі туралы ақпарат алу;
- 2) Ұйым тарапынан міндеттемелер орындалмаған немесе ұйым оларды орындаудан бас тартқан жағдайда, біржақты тәртіппен шартты бұзу.

3. Шартты бұзу талаптары

3.1. Осы шарт Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының бесінші абзацына сәйкес әзірлеген Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының 23-тармағында көзделген негіздер бойынша бұзуға жатады.

4. Қорытынды ережелер

Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалды.

Ұйым басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Көрсетілетін қызметтерді алушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Ескертпе: осы Шарт үлгілік болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 391 Бұйрығына 4-қосымша
Тұрмыстық зорлық-зомбылық
құрбандарына арнаулы
әлеуметтік қызметтер көрсету
стандартына
1-қосымша
Нысан
Уақытша болу және тұру
ұйымының басшысына

(ұйымның атауы)

(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

ӨТІНІШ

Мені (және баланы (балаларды) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін уақытша болу және тұру ұйымына оңалтуға қабылдауыңызды сұраймын.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету кезіндегі қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Уақытша болу және тұру ұйымына қабылдау, орналастыру, шығару, көрсетілетін қызметтерді тоқтату шарттарымен және ішкі тәртіп қағидаларымен таныстым.

Сондай-ақ өзім туралы көрінеу жалған ақпарат беру фактілері жөнінде ескертілді.

20__ жылғы "__" _____

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 391 Бұйрығына 5-қосымша
Тұрмыстық зорлық-зомбылық
құрбандарына арнаулы
әлеуметтік қызметтер көрсету
стандартына
3-қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы үлгілік шарт

_____ атынан
(ұйым субъектісінің атауы)

_____ (бұдан әрі – Ұйым), бір тараптан
және _____ (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді алушы)

екінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың нысанасы

Ұйым көрсетілетін қызметтерді алушыға оңалтуға (жоғалтылған әлеуметтік мәртебені қалпына келтіруге) бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Ұйымның міндеттері:

1) көрсетілетін қызметтерді алушыны арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету шарттарымен таныстыру;

2) белгіленген көлемде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

3) көрсетілетін қызметтерді алушыға құрметпен қарау, дәрекілікке, өз міндеттеріне салғырттықпен қарауға жол бермеу.

2.2. Ұйымның құқықтары:

- 1) көрсетілетін қызметтерді алушының Ұйымда болуын бақылауды жүзеге асыру;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін қажетті ақпаратты сұрату;
- 3) көрсетілетін қызметтерді алушы тарапынан міндеттемелер орындалмаған немесе тарап оларды орындаудан бас тартқан жағдайда, біржақты тәртіппен шартты бұзу.

2.3. Көрсетілетін қызметтерді алушының міндеттері:

- 1) оңалту процесіне белсенді түрде қатысу;
- 2) Ұйым персоналына құрметпен қарау;
- 3) осы шарттың талаптарын сақтау.

2.4. Көрсетілетін қызметтерді алушының құқықтары:

- 1) оңалту процесі туралы ақпарат алу;
- 2) Ұйым тарапынан міндеттемелер орындалмаған немесе ұйым оларды орындаудан бас тартқан жағдайда, біржақты тәртіппен шартты бұзу.

3. Шартты бұзу талаптары

3.1. Осы шарт Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының бесінші абзацына сәйкес әзірлеген Тұрмыстық зорлық - зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының 21-тармағында көзделген негіздер бойынша бұзуға жатады.

4. Қорытынды ережелер

Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалды.

Ұйым басшысы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Көрсетілетін қызметтерді алушы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)